**Жеке сот орындаушыларының, жеке сот орындаушыларының өңірлік палаталарының ақпаратты ұсыну нысаны мен мерзімдерін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2019 жылғы 13 маусымдағы № 259 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 9 шілдеде № 18999 болып тіркелді.

"Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 148-бабы 2-тармағына, 162-бабы 2-тармағына және " Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің м.а. 30.12.2022 № 1086 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Ақпаратты ұсыну нысаны мен мерзімдері бекітілсін:

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес, жеке сот орындаушылар жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына және уәкілетті органға және (немесе) оның аумақтық органына;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес, жеке сот орындаушыларының өңірлік палаталары Республикалық палатаға және уәкілетті органның аумақтық органдарына;

2. Осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот актілерін орындау департаменті:

1) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркеуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін қазақ және орыс тілдерінде "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Сот актілерін орындау департаментінің директорына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Әділет министрі* *М. Бекетаев*

Қазақстан Республикасы

Әділет министрінің
2019 жылғы 13 маусымдағы
№ 259 бұйрығына
1-қосымша
Нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне
Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан
Әкімшілік деректердің нысаны интернет- ресурста орналастырылған: https://www.gov.kz

**Алимент төлемдерін өндіріп алу туралы атқарушылық іс жүргізулердің орындалуы және борышкерлерді жауапкершілікке тарту туралы мәліметтер**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің м.а. 30.12.2022 № 1086 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Есепті кезең: 20__ жыл
Индекс: 1- (Атқарушылық іс жүргізу)
Кезеңділік: тоқсан сайын
Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: жеке сот орындаушылардың аумақтық палаталары, аумақтық әділет органдары
Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: - есепті кезеңнен кейінгі айдың 4 ( төртінші) күнінен кешіктірмей.

1. Жеке сот орындаушыларының материалдары бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылған борышкерлердің саны

| П. № | Өңір | Әкімшілік аумақтық объектілер сыныптау шының коды | Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің бабы | Есепті кезеңде Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелген құқық бұзушылықтың саны | Ақталмайтын негіздер бойынша тоқтатылған қылмыстық істердің саны | Ақтайтын негіздері бойынша тоқтатылған қылмыстық істердің саны | Сотқа жіберілген қылмыстық істердің саны | Қылмыстық істердің қалдығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| | | | 139-бап | | | | | |
| | | | 430-бап | | | | | |

2. Сот орындаушыларының алиментті өндіріп алуы туралы атқарушылық құжаттардың орындалуы туралы мәліметтер

| | | | | Оның ішінде мерзімдік орындалуда | | Алименттерді өндіріп алу туралы проблемалық | Қазақстан Респуб | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| П.№ | Өңір | Әкімшілік аумақтың объектілер сыныптаушының коды | Есепті кезеңнің соңындағы қалдықтағы атқарушылық іс жүргізудің, оның ішінде 5, 6,7, 8, 10-бағандарды қоса алғанда санын құрайды | атқарушылық құжаттар | | Алименттер дербес төленетін атқарушылық құжаттардың саны | атқарушылық құжаттардың саны олардың ішінде: | | | | ликасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 669-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылған борышкерлердің саны | Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 139-бабы бойынша ішкі істер органдарына жіберілген ұсынымдардың саны |
| | | | | Ағымдағы алименттердің саны | Берешегі бар ағымдағы алименттердің саны | | 3 айдан астам алимент бойынша берешек ерікті тәртіппен ішінара өтелетін атқарушылық құжаттардың саны | | Берешек мүлдем өтелмейтін атқарушылық құжаттардың саны | | | |
| | | | | | | | саны | берешек сомасы (теңге) | саны | берешек сомасы (теңге) | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
| | | | | | | | | | | | | |

Кестенің жалғасы

| "Бүркіт" борышкерлеріне қатысты шығуға қойылған тыйымдардың саны | Берешек төленбейтін және 10-бағанда мүлік белгіленген құжаттар саны | Мүлікті бағалау және өткізу бойынша шаралар қабылданған атқарушылық өндірістердің саны |
|---|---|---|
| 14 | 15 | 16 |
| | | |

______________________________________________ _______________

(Аумақтық әділет органы басшысының (қолы)

(аты, тегі, әкесінің аты (болған жағдайда)

_____________________________________________ _______________

(Ақпаратты жасауға жауапты қызметкердің (қолы)

аты, тегі, әкесінің аты (болған жағдайда)

**Әкімшілік деректерді жинауға араналған нысанды толтыру бойынша түсініктеме Алимент төлемдерін өндіріп алу және борышкерлерді жауапкершілікке тарту туралы атқарушылық іс жүргізудің орындалуы туралы мәліметтер (Индекс 1-(Атқарушылық іс жүргізу), мерзімділігі тоқсан сайын) 1 тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсініктеме "Алимент төлемдерін өндіріп алу және борышкерлерді жауапкершілікке тарту туралы атқарушылық іс жүргізудің орындалуы туралы

мәліметтер" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды. .

2. Нысанға аумақтық әділет органының басшысы және ақпарат жасауға жауапты қызметкер қол қояды және есепті кезеңнен кейінгі айдың 4 (төртінші) күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне ұсынады.

**2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсініктеме**

3. Мәліметтерді жеке сот орындаушылары ағымдағы жылдың тиісті тоқсанында толтырады. 1-бөлімді толтыру кезінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

Нысанның 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі;

Нысанның 2-бағанында өңірлердің атауы көрсетіледі;

Нысанның 3-бағанында әкімшілік аумақтық объект сыныптаушының коды көрсетіледі;

Нысанның 4 -бағанында Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің баптары көрсетіледі;

Нысанның 5-бағанында есепті кезеңде сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелген құқық бұзушылықтардың саны көрсетіледі;

Нысанның 6-бағанында ақталмайтын негіздер бойынша тоқтатылған істердің саны көрсетіледі;

Нысанның 7-бағанында ақталатын негіздері бойынша тоқтатылған істердің саны көрсетіледі;

Нысанның 8-бағанында қарау үшін сотқа жіберілген істердің саны көрсетіледі;

Нысанның 9-бағанында қылмыстық істердің қалдығы көрсетіледі.

4. 2-бөлімді толтыру кезінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

нысанның 1-бағаны бойынша нөмірлеу көрсетіледі;

нысанның 2-бағаны бойынша өңірлер көрсетіледі ;

нысанның 3-бағаны бойынша әкімшілік аумақтық обьектілер сыныптауышының кодтары көрсетіледі;

нысанның 4-бағаны бойынша есепті кезеңнің соңындағы қалдықтағы атқарушылық өндірістердің, оның ішінде 5,6,7,8, және 10 нысандарды қоса алғанда саны көрсетіледі;

нысанның 5,6-бағандары бойынша мерзімді орындаудағы атқарушылық құжаттардың саны (ағымдағы алименттер бойынша және берешегі бар) көрсетіледі;

нысанның 7-бағаны бойынша алимент дербес төленетін атқарушылық құжаттардың саны көрсетіледі;

нысанның 8-11 бағандары бойынша алимент бойынша берешегі 3 айдан астам ерікті тәртіппен ішінара өтелетін, сондай-ақ берешегі мүлде өтелмейтін атқарушылық құжаттардың саны мен сомасы көрсетіледі;

нысанның 12-бағаны бойынша "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 669-бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылғын борышкерлердің саны көрсетіледі;

нысанның 13-бағаны бойынша Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 139-бабы бойынша ішкі істер органдарына жіберілген ұсынымдардың саны көрсетіледі;

нысанның 14-бағаны бойынша "Бүркіт" жүйесіндегі борышкерлерге қатысты Қазақстан Республикасынан шығуға қойылған тыйымдардың санны көрсетіледі;

нысанның 15-бағаны бойынша 10-бағаннан берешек төленбейтін және мүлік анықталған атқарушылық құжаттардың саны көрсетіледі;

нысанның 16-бағаны бойынша мүлікті бағалау және өткізу бойынша шаралар қабылданаған атқарушылық іс жүргізу саны көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы<br>
Әділет министрінің<br>
2019 жылғы 13 маусымдағы<br>
№ 259 бұйрығына<br>
2-қосымша<br>
Нысан

**Жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасының Республикалық палатаға және уәкілетті органның аумақтық органына өз қызметі туралы ақпарат ұсынуы**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің м.а. 30.12.2022 № 1086 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-кесте

20___жылғы ________ жеке сот орындаушыларының саны

| **Өңір** | **Қалаларда** | **Аудандарда** | **Қамтылмаған аудандар** |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |

2-кесте

20___ жылғы ________ жеке сот орындаушыларының тізімі

| **№** | **Өңір** | **Жеке сот орындаушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)** | **Заңды мекенжайы** | **Жұмыс телефоны** | **Ұялы телефоны** | **Жеке сот орындаушының көмекшісінің ұялы телефон** | **Электронды қ мекенжайы** | **Лицензиянның нөмірі** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |

3-кесте

20___ жылғы ________ жеке сот орындаушыларының жауапкершілігі туралы мәліметтер

| | | | **Қатаң сөгіс** | **Республикалық палатадан шығару** |
|---|---|---|---|---|

| Өңір | Ескерту | Сөгіс | | лицензияны тоқтатуне лицензиядан айыру | заңнаманы өрескелне бірнешерет бұзу | мүшелік жарналарды жүйелі түрде төлемеу | ақы төленетін қызметтің өзге де түрлерімен айналысу | өз еркімен | Республикалық палатаның жарғысында көзделген өзге негіздер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| | | | | | | | | | |

Ескертпе: Жеке сот орындаушыларының өңірлік палаталары жиынтық деректерді аумақтық әділет органына және жеке сот орындаушыларының Республикалық палатасына тоқсан сайын есепті айдан кейінгі айдың төртінші күніне ұсынады.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2019 жылғы 13 маусымдағы
№ 259 бұйрығына
3-қосымша

Нысан

1. "Жеке сот орындаушыларының, өңірлік палаталарының ақпаратты ұсыну нысаны мен мерзімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2011 жылғы 20 қаңтардағы № 16 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6753 болып тіркелген, 2011 жылғы 16 сәуірде "Егемен Қазақстан" газетінде № 129-130 (26550-26551) жарияланған).

2. "Жеке сот орындаушыларының өңірлік алқаларының ақпаратты ұсыну нысаны мен мерзімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2011 жылғы 20 қаңтардағы № 16 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушы 2014 жылғы 7 наурыздағы № 101 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9254 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 11 сәуірде жарияланған).

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтары тізбесінің 2) тармақшасы, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 126 бұйрығымен бекітілген ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10460 болып тіркелген, "Әділет"ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 1 сәуірде жарияланған ).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК